

ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ
ӘКІМДІГІ БІЛІМ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ
"ҚОСТАНАЙ АУДАНЫ БІЛІМ
БӨЛІМІНІҢ №1 ЗАРЕЧНЫЙ
ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН
МЕКТЕБІ" КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ "ЗАРЕЧНАЯ
ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ
ШКОЛА №1 ОТДЕЛА
ОБРАЗОВАНИЯ КОСТАНАЙСКОГО
РАЙОНА" УПРАВЛЕНИЯ
ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА
КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

111108, Қостанай облысы,
Қостанай ауданы, Заречный ауылы,
Ипподромная көш 40
тел: 8-714-55-49-800
E-mail: zarech-school1@edu.kz

111108, Костанайская область,
Костанайский район,
село Заречное, ул Ипподромная 40
тел: 8-714-55-49-800
E-mail: zarech-school1@edu.kz

БҰЙРЫҚ № 264

01.09.2026 ж.

Оқушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз ету туралы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес, білім алушылардың денсаулығын сақтау, дұрыс және сапалы тамақтануын ұйымдастыру, сондай-ақ әлеуметтік қолдау көрсету мақсатында, аудандық білім бөлімінің 2026 жылғы 21 тамыздағы №1310 бұйрығына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2026–2027 оқу жылында мектеп білім алушыларын ыстық тамақпен қамтамасыз ету белгіленген тәртіпке сәйкес ұйымдастырылсын.
2. Ыстық тамақпен қамтамасыз етілетін білім алушылардың санаттары қолданыстағы заңнамаға сәйкес айқындалсын, оның ішінде:
әлеуметтік осал санаттағы отбасылардан шыққан білім алушылар;
жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар;
көпбалалы отбасылардан шыққан білім алушылар;
Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де санаттарға жататын білім алушылар.
3. Мектеп асханасының жұмысын ұйымдастыруға және білім алушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз ету сапасын бақылауға жауапты тұлғалар болып: мектеп басшысының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Рахимова Г.У.; әлеуметтік педагог Карманова С.Ш.; мектеп медбикесі Нағашыбайқызы М.; қамқоршылық кеңесінің өкілі Садақбай Г.Қ.; ата-аналар комитетінің өкілі Жилкибаева З.Д.; Ахметов А.Ж. – мектеп басшысының шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары бекітілсін.
4. Ас мәзірі қолданыстағы санитариялық талаптарға сәйкес әзірленіп, мектеп басшысы бекіткен тәртіппен жүзеге асырылсын.

5. Мектеп медбикесі дайын тағамдардың сапасын, ас мәзіріне сәйкестігін және санитариялық талаптардың сақталуын тұрақты бақыласын.
6. Әлеуметтік педагог Карманова С.Ш. ыстық тамақпен қамтамасыз етілетін білім алушылардың тізімдерін қолданыстағы талаптарға сәйкес жүргізіп, олардың әлеуметтік мәртебесінің өзгеруін тұрақты бақылауда ұстасын.
7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау мектеп басшысының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Рахимова Г.У.-ға жүктелсін.

Мектеп басшысы:  **К.Т. Алдамбергенова**



Бұйрықпен таныстым:

Рахимова Г.У. 

Карманова С.Ш. 

Жилкибаева З.Д. 

Нағашыбайқызы М. 

Садақбай Г.Қ. 

Ахметов А.Ж. 